

## Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияны құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 шілдедегі N 751 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 шілдедегі N 695 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.07.03 N 695 Қаулысымен.**

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Комиссия құрамы ;

2) Комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. күші жойылды

**Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.30. N 553 қаулысымен.**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

9

шілдедегі

N

751

қаулысымен

бекітілген

## Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру,

ақпараттық қауіпсіздік проблемаларын шешуде тұжырымдамалық көзқарасты қалыптастыру және мемлекеттік органдар мен ұйымдарда осы саладағы жұмыстарды үйлестіру мақсатында құрылады.

2. Өз қызметінде Комиссия Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін және халықаралық шарттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Комиссияның міндеттері мен функциялары**

### **3. Комиссияның міндеттері:**

ақпараттық қауіпсіздікті, мемлекеттік ақпараттық ресурстарды және мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу;

ақпараттық қауіпсіздік және мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы қатынастарды реттеудің құқықтық, әкімшілік, техникалық, бағдарламалық және криптографиялық шаралар жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

ақпаратты және мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін және өзара іс-қимыл жасасуды үйлестіру мәселелерін қ а р а у ;

ақпараттық жүйелерді, техникалық, бағдарламалық-техникалық және бағдарламалық құралдарды (бұйымдарды), ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарын лицензиялау, техникалық реттеу, оның ішінде олардың сәйкестігін растау мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік ақпараттық ресурстарды және мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі жұмыстардың жай-күйіне талдау жасау, оның негізінде ақпаратты қорғаудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар дайындау;

ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерге қарсы іс-қимыл көрсетуге бағытталған халықаралық шарттарды іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар ә з і р л е у ;

мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылатын ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жоспарлары мен мақсатты бағдарламаларын қарау болып т а б ы л а д ы .

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.20. N 432 қ а у л ы с ы м е н .**

4. Комиссия жүктелген міндеттеріне сәйкес: Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпараттық ресурстарды, мемлекеттік

құпияларды қорғаудың ұлттық жүйесін дамыту мен жетілдіру, ақпарат саласындағы азаматтардың конституциялық құқықтары мен қоғам мүдделерін қамтамасыз ету, ғылыми зерттеулер, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу мәселелері және ақпаратты қорғаудың отандық аппараттық, бағдарламалық және аппараттық-бағдарламалық құралдарын шығару мен техникалық алып жүруді қамтамасыз ету үшін ғылыми-техникалық базаны қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы басымдықтарды анықтау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың басшыларын тыңдайды;

ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру және өзара іс-қимыл жасау мәселелерін қарайды ;

ақпаратты қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың бағыттары бойынша ғылыми, эксперименталдық және өндірістік базаны дамыту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды қарайды ;

ақпараттық қауіпсіздік саласындағы жоспарлар мен бағдарламалардың іске асырылуы барысы туралы мемлекеттік органдардың басшыларын тыңдайды;

елімізде ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуге ықпал ететін шарттарды жасауға бағытталған құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық және ғылыми-техникалық сипаттағы шараларды жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар енгізеді ;

ақпаратты қорғау жүйесін алып жүруге және дамытуға байланысты кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет шығыстарын жоспарлау жөніндегі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсынысын қарайды және осы мәселе жөнінде Республикалық бюджеттік комиссияға ұсынымдық сипаттағы қорытындыларды ұсынады ;

ақпараттық қауіпсіздік саласында кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қарайды .

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.20. N 432 қаулысымен.**

### **3. Комиссия құқықтары**

5. Жүктелген міндеттерге сәйкес Комиссия: мемлекеттік органдар мен ұйымдардан оған жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті мәліметтер мен материалдар сұратуға және алуға;

заңнама талаптарына сәйкес оның құзыретіне жататын мәселелер жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді шығару, өзгерту немесе күшін жою жөніндегі ұсыныстарды қарауға және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуге;

сараптамалар мен консультациялар өткізу үшін мемлекеттік органдар мен ұйымдардан тиісті бағыттағы мамандарды тартуға, сондай-ақ қажет болған кезде жұмыс топтарын ұйымдастыруға;

оның құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде ұсынымдар жасауға және ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

#### **4. Комиссия қызметін ұйымдастыру**

6. Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Комиссия отырысында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерін іске асыруға жалпы бақылауды жүзеге асырады және осы заңнамаға сәйкес Комиссия жүзеге асыратын қызмет, сондай-ақ салааралық, ведомствоаралық үйлестіру үшін және Комиссия әзірлейтін шешімдер үшін дербес жауаптылықта болады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын төрағаның тапсырмасы бойынша орынбасарларының бірі орындайды.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.20. N 432 қаулысымен .**

7. Комиссия хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібі жөніндегі ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және оны өткізгеннен кейін хаттамаларды ресімдейді.

Хатшы Комиссияның мүшесі болып табылмайды.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.20. N 432 қаулысымен .**

8. Комиссияның жұмыс органы Комиссияның жұмысын ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Комиссияның жұмыс органының функцияларын Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімі атқарады .

9. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және Комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыс бергендері қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі .

Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіру құқығы бар, ондай болған жағдайда ол жазбаша түрде берілуге және Комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуге тиіс .

Комиссия мәжілістерін өткізу қорытындылары бойынша хаттама жасалады,

оған міндетті түрде оның барлық мүшелері қол қояды.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.20. N 432 қаулысымен.**

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 9 ш і л д е д е г і  
N 7 5 1 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.06.06. N 545 , өзгерту енгізілді - 2008.12.30. N 1291 , 2009.07.30. N 1158 Қаулыларымен.**

### **Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы**

Әбдірахымов - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі  
Ғабидолла Кеңсесінің Басшысы, төраға,  
Ра х м а т о л л а ұ л ы

Тәжияқов - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
Бисенғали Шамғалиұлы Төрағасының орынбасары (келісім бойынша)  
Нұриманов - Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Мақсұт Әнуарбекұлы қауіпсіздік комитеті төрағасының  
орынбасары (келісім бойынша), төрағаның  
орынбасары

Толымбеков - Қазақстан Республикасы Премьер-  
Министрінің Кеңсесі Мемлекеттік құпияларды  
Манат Исенұлы қорғау бөлімінің меңгерушісі, төрағаның  
орынбасары

Айткешұлы - Қазақстан Республикасының Премьер-  
Бейбітқали Министрі Кеңсесінің Мемлекеттік құпияларды  
қорғау бөлімі меңгерушісінің орынбасары,  
хатшы

Қасымбек - Қазақстан Республикасының Көлік  
Жеңіс Махмұдұлы және коммуникация министрлігінің  
жауапты хатшысы

Қуанғанов - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
Фархад Шаймұратұлы министрлігінің жауапты хатшысы

Құсдәулетов - Қазақстан Республикасының Әділет вице-  
Дулат Рашитұлы министрі

Жошыбаев - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер  
Рәпіл Сейітханұлы министрлігінің жауапты хатшысы

Коржова - Қазақстан Республикасы Қаржы  
Наталья Артемовна министрлігінің жауапты хатшысы

Құрманғалиева - Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
Жанна Дулатқызы ақпарат министрлігінің жауапты хатшысы

Советский - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда  
Вячеслав Крестьянович министрлігінің жауапты хатшысы

Шәженова - Қазақстан Республикасы Экономика және  
Дина Мәлсқызы бюджеттік жоспарлау министрлігінің жауапты  
хатшысы

Лукин - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа  
Андрей Иванович және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес  
агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының  
орынбасары (келісім бойынша)

Тілеубеков - Қазақстан Республикасы Президентінің  
Ғани Өтеұлы Әкімшілігі Ақпараттандыру және ақпараттық  
ресурстарды қорғау бөлімінің меңгерушісі  
(келісім бойынша)

Маханбетажиев - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және Батыр  
Әпенұлы байланыс агенттігінің жауапты хатшысы

Хисамутдинов - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік  
Ильдар Ибрагимович комитетінің Қызметі директорының орынбасары  
(келісім бойынша)

Байәділов - Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік  
Ерғали Мұхаметжанұлы Кеңесі хатшылығының сектор меңгерушісі  
(келісім бойынша)

Слободянюк - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі  
Анатолий Ануфриевич Кеңесінің Бақылау және құжаттамалық  
камтамасыз ету бөлімі меңгерушісінің  
орынбасары

Оразқұлов - Қазақстан Республикасы Президентінің  
Қанат Орынтайұлы Күзет қызметі бастығының орынбасары  
(келісім бойынша)

Секішев - Қазақстан Республикасы Бас  
Асқар Асанханұлы прокурорының орынбасары  
(келісім бойынша)

Қасымов - Қазақстан Республикасының  
Қалмұханбет Ішкі істер вице-министрі  
Нұрмұханбетұлы  
Петров - Қазақстан Республикасының  
Валерий Викторович Төтенше жағдайлар вице-министрі;  
Носоновский - Қазақстан Республикасы Қорғаныс  
Геннадий Владимирович министрлігінің Штабтар бастықтары  
комитеті төрағасының орынбасары  
Сафинов - Қазақстан Республикасы Энергетика  
Қанатбек Бейсенбекұлы және минералдық ресурстар  
министрлігінің жауапты хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК